2025-2026 оқу жылы «Шардара» мектеп-лицейінде
Мектептің ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын тексеру
бақылау нәтижесі туралы

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы
Тексеру мерзімі: 03 қыркүйек 2025 жыл
Тексергендер: ДТЖЖО:А.П.Есенбаева, Г.Т.Ахатова, әлеметтік педагогтар Қ.Мұсақұлова, Р.Алимбекова

Бақылаудың мақсаты: Білім алушылардың мектеп асханасында сапалы әрі қауіпсіз тамақтануын ұйымдастыру жағдайын зерделеу, санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын, ас мәзірінің бекітілген талаптарға сәйкестігін, оқушыларға қызмет көрсету сапасын және жауапты тұлғалардың жұмысын бақылау.
Бақылау барысында анықталған жағдайы. 2025–2026 оқу жылына арналған мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес мектеп асханасында білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру жағдайына бақылау жүргізілді.Бақылау барысында мектеп асханасының жұмыс тәртібі, оқушылардың тамақтану кестесінің сақталуы, ас мәзірінің қолжетімділігі, тамақтану мәдениеті, асхананың санитариялық жағдайы және кезекші мұғалімдердің жұмысы қарастырылды.
1. Тамақтануды ұйымдастыру жағдайы.Мектепте білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру белгіленген кестеге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Оқушылардың асханаға кезекпен келуі, үзіліс уақытында тамақтануы және асханадағы тәртіптің сақталуы бақылауға алынды. Сынып жетекшілері мен кезекші мұғалімдердің оқушыларды ұйымдастырудағы жауапкершілігі қарастырылды.
2. Ас мәзірі мен тамақ сапасы.Бақылау барысында ас мәзірінің көрнекі жерде орналастырылуы, оның бекітілген мәзірге сәйкестігі, ұсынылатын тағамдардың сапасы мен әртүрлілігі назарға алынды. Тамақтану кезінде оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тамақпен қамтамасыз етілуі және тиісті санаттағы білім алушыларға тегін тамақтандырудың ұйымдастырылуы тексерілуге жатады.
3. Санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы.Асхананың тазалығы, үстелдер мен орындықтардың санитариялық жағдайы, қол жуу орындарының қолжетімділігі, ыдыстардың тазалығы және тағам тарату аймағының талаптарға сәйкестігі бақылауға алынды. Сонымен қатар асхана қызметкерлерінің жеке бас гигиенасын сақтауына және тағам өнімдерін сақтау тәртібіне жауапты тұлғалардың бақылау жүргізуі қарастырылды.
4. Оқушылардың тамақтану мәдениеті.Оқушылардың асханадағы өзін-өзі ұстау тәртібі, тамақтану мәдениеті, жеке гигиена ережелерін сақтауы және тамақтанғаннан кейінгі тазалыққа жауапкершілігі назарға алынды. Сынып жетекшілеріне білім алушылар арасында дұрыс тамақтану, тағамды ысырап етпеу және қоғамдық орындарда тәртіп сақтау жөніндегі түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу қажеттігі ескертіледі.

5. Жауапты тұлғалардың жұмысы.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының, сынып жетекшілерінің, асханаға жауапты тұлғалардың және кезекші мұғалімдердің өзара үйлесімді жұмысы қарастырылды. Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастыруға қатысты құжаттардың жүргізілуі, бақылау

жұмыстарының жүйелілігі және анықталған кемшіліктерді жою шаралары назарға алынды.

Қорытынды:Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастыру – білім алушылардың денсаулығын сақтау, қауіпсіз орта қалыптастыру және дұрыс тамақтану мәдениетін дамыту бағытындағы маңызды жұмыстардың бірі.
Бақылау нәтижелері бойынша мектеп асханасының жұмысын тұрақты бақылауда ұстау, санитариялық-гигиеналық талаптардың орындалуын қадағалау, тамақтану кестесінің сақталуын қамтамасыз ету және оқушылар арасында дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру қажет.

Анықтаманы дайындаған: Г. Ахметова

Лауазымы:

Күні: 03.09.2025 ж

2025-2026 оқу жылы «Шардара» мектеп-лицейінде
Мектептің ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын тексеру
бақылау нәтижесі туралы

АНЫҚТАМА

Бақылау тақырыбы: Мектептің ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын тексеру
Бақылау мақсаты: оқушының әкімшілік, мектеп ұжымы педагогикалық қызметкерлермен және оқушының ата — анасымен немесе заңды өкілдерімен өзара құрмет негізінде қарым — қатынас жасау арқылы академиялық және әлеуметтік өсуін қамтамасыз ете отырып қауіпсіз әрі қолайлы ортаны қалыптастыру.
Бақылау объектісі: Мұғалімдер, оқушылар
Бақылау түрі: Жүйелі
Бақылау әдістері: рейд
Орындау мерзімі: күнделікті
Жауаптылар: Мектеп әкімшілігі
Қарау орыны: директор жанындағы кеңес

Қорытындысы: 2025 - 2026 оқу жылы барысында «Шардара» мектеп – лицейінде барлық сынып жетекшілер өз сынып оқушыларына мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстырып өтті. Мектептің ішкі тәртіп ережесі мектеп оқушыларына арналған оқу кестесін, мектеп формасы мен жалпы сырт пішінге арналған бірыңғай талапты, оқушының және оның ата — анасы немесе заңды өкілінің міндеті мен құқығын, мектеп ғимараты мен айналасындағы тәртіпті, сонымен қатар мектептен тыс іс — шараларды белгілейді. Мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау бойынша мектеп әкімшілігінен құралған қызметкерлер күнделікті рейд кестесі бойынша, рейд жасап анықтап шығады. Тексеру барысында мектеп ережесіне сәйкес жүрмейтін оқушылар да болды. 11 сынып оқушысы Қазынаның мектеп ережесіне сай жүрмегендігі анықталып, ата-анасынымен байланыс жасай отырып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде Қазына түсінік жұмыстарынан соң мектеп ережесіне сай жүретін болды. Тұрақты тексерудің нәтижесінде II тоқсан соңында мектептің ішкі тәртібін бұзған оқушылар байқалмады.
Мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау деңгейін бақылау тәртіп пен ұйымшылдыққа негізделген оқу ортасын қалыптастырып, оқушыларды жауапкершілікке тәрбиелеуге жол ашады.

Қорытынды ұсыныс:

1. Мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақталуы бойынша сынып аралық жиындар өткізу.

ДТЖЖО: А.Есенбаева, Г.Ахатова

2025-2026 оқу жылы «Шардара» мектеп-лицейінде
ата-аналармен жұмыстың ұйымдастырылуын
және тиімділігін тексеру нәтижесі туралы

АНЫҚТАМА

Бақылау тақырыбы: Ата-аналармен жұмыстың ұйымдастырылуын және тиімділігін тексеру.

Бақылау мақсаты: Ата-аналардың педагогикалық сауатын көтеру. Ата-аналар комитетінің жұмысымен байланысты арттыру. Ата-аналармен жеке жұмыс жүргізу. Ата-аналарды оқушылардың оқу-тәрбие үрдісінің нәтижелерімен, барысымен жүйелі таныстыру.

Бақылау объектісі: Мұғалімдер, сынып жетекшілер

Бақылау түрі: Жеке

Бақылау әдістері: Әңгімелесу , сауалнама

Орындау мерзімі: Әр тоқсанда

Жауаптылар: ДТЖЖО, сынып жетекшілер

Қарау орыны: директор жанындағы кеңес

Қорытындысы: 2025 - 2026 оқу жылы барысында «Шардара» мектеп – лицейінде әр тоқсанда бір рет ата-аналармен атқарылатын жұмыстар бойынша жоспар түзіліп, бекітілді. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша берілген тақырыптар бойынша әр сынып жетекшісі өз сыныбының ата-аналарымен жиналыстар, кезесулер, семинарлар т. б өткізді.

Сынып жетекшілердің ата-аналармен ынтымақтастығы оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі болып табылады. Тәрбиеші үшін ата-аналарды педагогикалық үрдістің белсенді мүшесі ету оңай шаруа емес. Ол асқан шеберлік пен зор жауапкершілікті қажет етеді. Мұндай міндетті шешу үшін сынып жетекшілер тәрбие жұмыс жоспарында оқушылардың отбасын зерттейді. 1-11 сыныптар арасында I-II тоқсанда ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар жүйелі ұйымдастырылып, атқарылып келді.

Қорытынды ұсыныс:

1. Сынып жетекші тәрбие жұмысының мақсатын, міндеттерін, мектептің ерекшелігін, ата-аналар құрамын, ата-ана мен сынып жетекшінің қарым-қатынасының негізгі ұстанымдарын ескеруін бақылауға алу.

ДТЖЖО: А.Есенбаева, Г.Ахатова

2025-2026 оқу жылы «Шардара» мектеп-лицейінде
сынып сағаттарының өткізілу мазмұны мен сапасына талдау
бақылау нәтижесі туралы

АНЫҚТАМА

Бақылау тақырыбы: Сынып сағаттарының өткізілу мазмұны мен сапасына талдау
Бақылау мақсаты: Сынып сағаты бала ұғымына сай болуы,бала оны өмірде қолдана білуі керек. Қоршаған ортада болып жатқан оқиғадан алу керек. Сынып сағаттарын өмір тәжіребиесінен алу.
Бақылау объектісі: Оқушылар
Бақылау түрі: Жеке
Бақылау әдістері: Тексеру
Орындау мерзімі: Әр апта сайын
Жауаптылар: ДТЖЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер
Қарау орыны: директор жанындағы кеңес

Қорытындысы: 2025 - 2026 оқу жылы барысында «Шардара» мектеп - лицейінде 1-11 сынып аралығында оқу аптасының басында сынып сағатында білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды. Сынып сағатының «Апта дәйексөздері» – оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері Led-экрандарда, сынып тақталарында орналастыра отырып оқушыларға таныстырылады.

«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгімелесу барысында өткізіледі.

I- II тоқсанда осы тақырыптар бойынша Буллингтен қорған! "Позитивті ойлау-өміршеңдіктің көзі", "Болашақ маман иесі-бүгінгі оқушы", "Қарттың сөзі-ақылдың көзі", «Ұстаз- ұлы тұлға!», «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам», 25 қазан-"Республика күні" "Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажап ел!", "Адал азамат""Жасөспірім және еңбек қатынастары", 115 қараша – «Ұлттық валюта теңге күні»«Кәмелетке толмаған бала заңды жауапкершілікке тартылуы мүмкін бе?», «Буллингтен қорған!» /ДосболLIKE, "Әділдік және жауапкершілік" "Буллингке жол берме", "Құқықтық мәдениет-қоғам талабы", «Бауыржан Момышұлы 115 жыл», "Егер сіз желіде қорқытуға тап болсаңыз» т.б сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттары 1-11 сыныптарында оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай тақырыптар алынып, өз уақытында өткізіліп отырды.

Қорытынды ұсыныс:

1. Сынып сағаттарының жүйелі өтікізілуін бақылау;
2. Сынып жетекшілер арасында тәжірибе семинарын өткізу.

ДТЖЖО: А.Есенбаева, Г.Ахатова

2025-2026 оқу жылы «Шардара» мектеп-лицейінде
оқушылардың сабаққа қатысуын жүйелі бақылау нәтижесі туралы
АНЫҚТАМА

Бақылау тақырыбы: Оқушылардың сабаққа қатысуын жүйелі бақылау
Бақылау мақсаты: оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау, олардың қызығушылықтарын, бейімділіктерін анықтау, оқушылардың жеке ерекшеліктерін, психологиялық ерекшеліктерін (есте сақтау қабілеті, зейін, сабаққа деген ықыласы, мінез - құлқы) байқау.
Бақылау объектісі: Оқушылар
Бақылау түрі: Жүйелі
Бақылау әдістері: Күнделікті
Орындау мерзімі: Әр ай сайын
Жауаптылар: ДТЖЖО, тәлімгер, сынып жетекші
Қарау орыны: директор жанындағы кеңес

Қорытындысы: 2025-2026 оқу жылы барысында «Шардара» мектеп-лицейінде оқушылардың сабаққа қатысуы қатаң түрде қадағалануда. Әр күн сайын мектеп тәлімгері А. Сманова сыныптар арасында 1 сабаққа дейін рейд жүргізіледі. Рейдтің қорытындысы бойынша, егер себепсіз қалған оқушы болса, міндетті түрде сынып жетекшісі анықтап, кейін ол оқушыдан түсініктеме талап етіледі. Оқушылардың сабақтан босатылуының негізгі себебі: денсаулық жағдайына байланысты болып жатады. Әрине олардың анықтамалары бар. Егер оқушы сабақты себепсіз 3 күн қалса сынып жетекші жедел түрде сол оқушының ата-анасына «дабыл хат» апарып таныстырады. Дабыл хатта білім алушыны сабақ кезінде сабақпен қамту ата-анаға жүктелгені және себепсіз қалдырса қандай шара қарастырылатындығы корсетілген. Арнайы комиссия мүшелері тағайындалып, оқушының ата –анасымен байланысқа түсіп, акт жасалады. Комиссия мүшелері міндетті түрде мектеп психологы, әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі және тәрбие ісінің меңгерушісінен құралады.

I токсан бойынша: 1-11 сынып оқушыларының сабаққа себепсіз үш күн қалғаны анықталмады. Сонымен катар қыркүйек ,казан айы оқушылар 3-4 күн колемінде денсаулықтарына байланысты сабактан калды.

II токсан бойынша: 8 «Г» сынып оқушысы Амантай Елнұрдың ата- анасымен жұмыс жүргізілгендіктен сабактан себепсіз калмады. I токсансанға караганда екінші токсан оқушылар себепсіз сабактан калмады.

Қорытынды ұсыныс:

1. Сынып жетекшілер оқушыларының сабактан калмауын қадағалау.

ДТЖЖО: А.Есенбаева, Г.Ахатова

2025-2026 оқу жылы «Шардара» мектеп-лицейі бойынша
оқушылардың оқу құралдарының, оқулықтарының
бар-жоғын тексеретін рейд ұйымдастыру бақылау нәтижесі туралы

АНЫҚТАМА

Бақылау тақырыбы: Оқушының оқу құралдарының, оқулықтарының бар-жоғын тексеретін рейд ұйымдастыру
Бақылау мақсаты: Оқу-құралдарының толық болуын бақылау
Бақылау объектісі: Оқушылар
Бақылау түрі: Тақырыптық
Бақылау әдістері: Күнделікті
Орындау мерзімі: Қыркүйек 2025 жыл
Жауаптылар: Мектеп әкімшілігі
Қарау орыны: директор жанындағы кеңес

Қорытындысы: Оқушылардың оқу құралдарының, оқулықтарының бар-жоғын тексеру үшін мектеп әкімшілік мүшелерінен құралған арнайы кезекшілік кестесі түзіліп, бекітіліп, рейд ұйымдастырылып, жүргізілді.

1-11 сынып оқушылары арасында жүргізілген оқулықтардың сақталуын тексеру рейді – бұл оқушылардағы оқу құралдарының жағдайын жоспарлы түрде бақылау. Оқушыларды кітаптарды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу және мектеп мүлкіне деген жауапкершілікті арттыру мақсатында жүргізілген рейд барысында оқулықтардың, оқу-құралдарының түгел болмауы анықталды. Алайда тұрақты жүргізілген рейд жүргізу нәтижесінде оқулықтарды, оқу-құралдарын түгел әкелу жолға қойылды.

Қорытынды ұсыныс:

1. Оқулықтардың сақталуы бойынша оқушылармен және сынып жетекшілерімен профилактикалық жұмыс жүргізу;

2. Оқушылар арасында «Кітап асыл қазына » тақырыбында шағын челленджер мен эссе байқауларын өткізу.

ДТЖЖО: А.Есенбаева, Г.Ахатова

2025-2026 оқу жылы «Шардара» мектеп-лицейі бойынша
Этика нормаларын сақтау жағдайын тексеру бақылау нәтижесі туралы

АНЫҚТАМА

Бақылау тақырыбы: Этика нормаларын сақтау жағдайын тексеру
Бақылау мақсаты: Этикалық мәдениеттің сақталуын бақылау
Бақылау объектісі: Мұғалімдер, оқушылар
Бақылау түрі: Тақырыптық
Бақылау әдістері: Сауалнама, бақылау, әңгіме
Орындау мерзімі: Қазан 2025 жыл
Жауаптылар: Әлеуметтік педагог, ТЖО
Қарау орыны: Кеңес
Басқарушылық шешім: Ұсыныс хат дайындау

Қорытындысы: 2025–2026 оқу жылының қазан айында мектеп ұжымында этика нормаларының сақталуы бойынша жоспарлы бақылау жүргізілді. Бақылау аясында оқушылар мен педагогтер арасында сауалнама алынып, күнделікті мектеп өмірінде этикалық нормалардың орындалу деңгейі зерделенді.

Мұғалімдер тарапынан оқушылармен қарым-қатынас кезінде сыпайылық, құрмет, сабырлылық, кәсіби әдеп сақтау нормаларының жоғары деңгейде сақталатыны анықталды. Оқушылардың 87%-ы мұғалімдердің әділ бағалайтынын, дау-жанжал туындаған жағдайда өзара келісіммен шешуге тырысатынын көрсетті.

Оқушылар арасында өзара сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дағдыларының қалыптасуы байқалды. Алайда төменгі сыныптарда (3–5 сынып аралығында) бір-бірімен дөрекі сөйлесу, кекету секілді жағымсыз көріністердің аз да болса орын алатыны тіркелді.

Сынып жетекшілерімен жүргізілген әңгімелесу барысында кейбір ата-аналар тарапынан педагогтің лауазымына, этикалық ұстанымдарына құрметсіздікпен қарау фактілері кездестетіні айтылды. Сонымен қатар, мектеп дәлізінде оқушылардың қатты сөйлеу, мектеп мүлкіне ұқыпсыз қарау секілді тәртіпке жат әрекеттерінің алдын алу үшін қосымша тәрбиелік іс-шаралар қажет екендігі анықталды.

Жалпы алғанда, мектеп ұжымының педагогикалық әдебі, оқушылардың мінез-құлық мәдениеті жалпы білім беру ұйымының этикалық орта қалыптастыру бағытында оң нәтижелер беріп отырғаны байқалды.

Қорытынды ұсыныс:

1.Этикалық мәдениетті арттыру мақсатында «Мәдени мінез – үлгілі тұлға» тақырыбында тәрбие сағаттары мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру;

2.Педагогтерге арналған кәсіби әдеп нормаларын сақтау бойынша ішкі семинар өткізу;

3.Оқушылар арасында әдеп тақырыбында шағын челленджлер мен эссе байқауларын өткізу;

4.Қоғамдық орындарда мінез-құлық нормаларын сақтау туралы көрнекілік бұрыштар мен ескертпе тақтайшаларын жаңарту;

5.Ата-аналармен этика тақырыбында байланыс орнатып, бірлескен жиналыстарда әдеп мәселесін көтеру.

ЛТЖЖО:А.Есенбаева. Г.Т.Ахатова